

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 мамырдағы № 182 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде 2014 жылғы 20 маусымда № 2836 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы 17 наурыздағы № 148 шешімімен

**ЕскеRTу.** Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 17.03.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу Қағидалары бекітілсін.
2. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосыншасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Тайынша ауданы мәслихатының*

*XXVI сессиясының төрағасы*

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Тайынша ауданы мәслихатының*

*Хатшысы*

*M. Қақабаев*

*К. Шәріпов*

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Тайынша ауданы мәслихатының*

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекенниң атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Киров ауылдық округі ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі Кирово ауылының тұрғындары үшін	148
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі Восточное ауылының тұрғындары үшін	13
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі Агроном ауылының тұрғындары үшін	32
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі Ильич ауылының тұрғындары үшін	112
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі Трудовое ауылының тұрғындары үшін	2

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының  
2014 жылғы 21 мамырдағы № 182  
шешімімен бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің Қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің Қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заны 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің Улгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Киров ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің аумағында ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан

әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің әкімі шақырады.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі Кирово, Восточное, Агроном, Ильич, Трудовое және Мирное ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Киров ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұргындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Кировауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі ауылдары өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.